



Педагог

№2 (80)

(Наурыз-Март)
(Сәуір-Апрель)

2024

Журнал екі айда бір рет шығады / Журнал выходит один раз в два месяца

Журнал 2011 жылдың қаңтар-ақпан айынан
бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля
2011 года на казахском и русском языках

Республикалық ғылыми-әдістемелік
педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический
педагогический журнал

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Айнура НҰРЫМҚЫЗЫ.....	3
А. Нұрымқызы	
Мектеп – білім тірегі, ұстаз – оның жүрегі	4
П. Мухамет	
Қазақстандағы орта білім беруді жетілдірудің тұжырымдамалық тәсілдері: заманауи трендтер мен іске асыру жолдары	7
М. Садуақасова	
Математиканы оқытуда интерактивті әдістерді қолдану	11
А. Сағындыкова	
Математика пәнін оқытуда аналогия әдісі	14
К. Жумақанова	
Математика пәнін оқыту үрдісінде тәрбиелеу әдістері	16
А. Канабекова	
Математика пәнінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту	19
А. Ахманов, Д. Бегалина, Н. Тілеген	
«Денотатты граф» әдісін қолдану оқушылардың мәтінді меңгеруіне қалайша ықпал ете алады?	21
Н. Туякбаева, А. Алипбаева	
Развитие творческих способностей учащихся на уроках русского языка и литературы	26
Б. Шыныбаева	
Развитие функциональной грамотности обучающихся в достижении учебных целей по русскому языку и литературе	28
Е. Кондрашова	
Развитие функциональной грамотности на уроках литературного чтения в начальной школе	32
И. Кузнецова, Р. Туякбаева, А. Елубаева	
Использование флипчартов в ходе организованной деятельности как условие повышения эффективности усвоения знаний дошкольников	36
К. Шашкова	
Эмоциональный интеллект (EQ) – ключевой навык человека	40
О. Ушакова	
Формирование культуры и духовно-нравственных ценностей младших школьников в современном социуме	45

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА



ҚР Мәдениет және ақпарат
министрлігінде
15.02.2010 ж. Астана
қаласында тіркеліп, №10712-Ж
куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды
27.03.2024 ж.
Офсеттік басылым.
Тапсырысы: 320.
Басылым индексі: 74312

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<RADO Print>>
баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА: РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

Ә. Дүйсебек — Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім Академиясының вице-президенті.

А. Миразова — Алматы қаласы, №159 мектеп-гимназиясының директоры, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек Ері.

Р. Кіршібаева — Алматы қаласы, №145 мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры и информации РК в г. Астане. Выдано свидетельство №10712-Ж от 15.02.2010 г.

Подписано в печать 27.03.2024 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Подписной индекс: 74312

Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;
сот.т.: 8 777 1949458,
8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии
<<RADO Print>>

г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасына жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны и сохранены в программе Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц, шрифт Times New Roman. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте на электронную почту (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.



Айнура НҰРЫМҚЫЗЫ 1981 жылы 25 қаңтарда Жамбыл облысы, Шу ауданы, Ақсу ауылында дүниеге келген. 1-9 сыныптарды Ж. Баласағұн атындағы орта мектепте оқыған. 1996-2000 ж.ж. аралығында №1 Алматы педагогикалық колледжінде «Бастауыш сынып мұғалімі» мамандығы бойынша білім алды. 2003-2006 ж.ж. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетін «Тарих, құқық және экономика» мамандығының магистрі дәрежесімен тәмамдады.

Еңбек өтілі — 23 жыл. Соның ішінде педагогикалық еңбек өтілі — 23 жыл. Біліктілік санаты — педагог-зерттеуші.

Еңбек тәжірибесі:

2000-2006 ж.ж. Алматы қаласы, Алмалы ауданы, №62 лингвистикалық гимназиясында бастауыш сынып мұғалімі;

2006-2011 ж.ж. тарих пәні мұғалімі және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

2011-2013 ж.ж. Алматы қаласы, Әуезов ауданы №139 Ахмет Байтұрсынов атындағы мектеп - гимназиясында директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;

2013-2018 ж.ж. Алматы қаласы, Алатау ауданы №181 ЖББМ директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;



**Айнура НҰРЫМҚЫЗЫ,
№200 мектеп-гимназиясының
директоры.
Наурызбай ауданы,
Алматы қаласы.**

2018-2021 ж.ж. Алматы қаласы, Наурызбай ауданы №200 мектеп-гимназиясында директордың міндетін атқарушы;

2021 жылдан бері №200 мектеп-гимназия директоры.

Өткен курстары:

«Мектепті басқарудағы инновациялық менеджмент» 11.03.2022 ж. Педагогикалық шеберлік орталығы.

«Инклюзивті білім беру ортасын құру бойынша тиімді менеджмент негіздері» 02.10-15.11.2023 ж.



Мектеп – білім тірегі, ұстаз – оның жүрегі



Айнұра
НҰРЫМҚИЗИ,
№200 мектеп-
гимназиясының
директоры.
Наурызбай
ауданы,
Алматы қаласы.

Жас ұрпаққа сапалы біліммен бірге саналы тәрбие беру қай қоғамда да өзектілігін жоғалтқан емес. Ал білім ордасы — жас ұрпаққа сапалы білім беріп, саналы тәрбие берумен қатар, халықтың биік рухы мен ғасырлар бойы жинақтаған мәдени мұраларын келешекке жеткізетін мәдени орын, тәлім-тәрбие орталығы. Білім кілті мектепте болса, мектептің айнасы, жүрегі — ұстаз. Осындай исі қазақ балаларына арналған Алатау баурайының әсем де көрікті жеріндегі Алматы қаласы Наурызбай ауданы «Шұғыла» ықшам ауданынан 2018 жылдың қыркүйегінде №200 мектеп-гимназиясы ашылып, бүгінгі таңда біраз жетістікке толы жолды жүріп өтіп келе жатыр. Әуелде 1200-ге жуық оқушыны оқытып бастаған мектебімізде бүгінде екі ауысымда оқитын жалпы саны 2520 оқушы білім алуда. Сапалы білім алушы жас жеткіншектердің келешегінен күтер үмітіміз мол.

«Білім инемен құдық қазғандай» демекші, ұстаздың еңбегі одан да ауыр. Шәкірттің жеңісін өз жеңісіне теңейтін, шәкіртінің қуанышына өзі де қуанатын білікті маман болу да бақыт. Бүгінгі таңда мектебімізде жаңаша білім беріп жүрген 176 мұғалім қызмет етеді. Заман ағымынан қалмай, өскелең ұрпақты толассыз нәтижеге жеткізу үшін мектебіміз де жаңа технологиялармен жабдықталған. Мектебімізде 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытып, шынайы өмірге қажет болатын негізгі дағдыларды үйретуге бағытталған технология, өнер және математика пәндерін біріктіре отырып оқытуға арналған STEAM кабинеті ашылды. Одан әрі оқушылар 2-қабатта шахмат, робототехника кабинеттерінде шығармашылық жұмыстармен айналысып, өз шеберліктерін шыңдайды. 3-қабатта орналасқан шеберлік сыныптары арқылы оқушылар оқу мақсаттары мен сыныптан тыс жұмыстарды жүзеге асыра отырып, тек күнделікті сабақпен шектелмей, болашақ мамандықтарына қазірден бастап дайындалады. Сәйкесінше, бұл қабатта рухани байлықтарын көбейтетін алтын қорымыз сақтал-



ған заманауи үлгідегі кітапхана-мыз, оқушыларды еңбекке баулу, логикасы мен икемділік қабілеттіліктерін арттыратын зертханалық кабинеттер және ағылшын тілі кабинеттері жаңа үлгіде жабдықталған. Өз балаларының тәртібі мен оқу үдерісінен хабар алып, мектеп өмірімен тығыз байланыста болу үшін «Ата-аналарды қолдау орталығы» ашылған. Осы орталықтың негізінде мектебімізде Әкелер кеңесі, Аналар күні, жеңге мен қайын сіңілісімен сайыс өткізіліп, отбасымен тығыз ынтымақтастық орнатылды.

ҚР «Білім туралы» заңның негізінде мектебіміздің бағыт-бағдары қоғам талабына сай оң өзгерістерге бағытталуда. Қазіргі уақытта қоғамның дамуына байланысты оқушыларға білім беру, оларды тәрбиелеу және дамыту міндеттері барған сайын күрделеніп бара жатыр. Басты міндеттердің бірі: орта мектепті бітірген оқушы өмірге белсене араласа отырып, ғылымның шапшаң дамуына ілесуі, ашылған жаңалықтарды өздігінше оқып меңгеру, олардың өзі қызмет ететін салаларына қатыстыларын іс жүзіне асыра білуі, өмірде қолдана алуы. Сонымен қатар оқушылар мектеп қабырғасында жүріп-ақ әлемдік құрылым қалыптасуының негізгі ғылыми ұстанымдарын, ойлаудың әдіс-тәсілдерін, Отанға деген сүйіспеншіліктің, танымның заңдылықтарын игеруі тиіс. Осыған орай, өзім

басқаратын мектептің басты миссиясы — жаһандық және сандық әлемдегі өзгерістерге дайын, ұлттық құндылықтарды қадір тұтатын, бәсекеге қабілетті тұлғаның дамуына ықпал ету. Осы жолда мұғалімдердің инновациялық жобаларды жүзеге асыруына және үздіксіз кәсіби дамуына қолайлы жағдай жасау стратегиялық мақсатын қолға алып, оны ойдағыдай іске асыруым мектеп басшысы ретіндегі маңызды жетістігім деп ойлаймын. Өйткені, «Lesson Study» — тәжірибеде оқыту мен оқуды жетілдірудің тәсілі» коучингісімен үш айлық жұмысымды жүзеге асыру арқылы әріптестеріме бұл жобаның оқу сапасымен мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыратын басты құрал екендігін түсіндіре алдым. Мектеп басқаруда жетістікке жету үшін үштік одақ: «Оқушы — мұғалім/мектеп әкімшілігі — ата-ана» арасындағы байланыс маңызды. Мектеп басқару ісіндегі айқын басымдықтардың бірі ретінде жоспарыма «Отбасы — орта мектеп» жобасын енгіздім, себебі — ата-анамен қоғамдастықта ғана мектептің тәрбие және білім сапасы жоғары нәтижелерге қол жеткізеді. Осы бастамаға сәйкес мектебімізде әр жыл сайын «Аналар» мен «Әкелер» форумы өткізіліп, ата-ана баласының мектеп өмірімен тығыз байланысты болуды қалыптастырса, екінші жағынан жаңа заманға сай дамып келе жатқан жасампаз азаматтар-



ды ұлттық рухта тәрбиелеуге психологтар мен ұстаздарымыздан кеңес алып отырады. Осы тұста мектебімнің ұстаздары «ұлағатты ұстаз» атына лайық болу үшін әрдайым ізденіс жолында жүретіндігін ерекше мақтанышпен айтқым келеді. Мұғалімдерімізге кәсіби қолдау жасау ретінде жыл сайын белгіленген жоспар бойынша біліктілігін арттыру курстарына оқытамыз. «Ақырын жүріп, анық бас», - деген Абай атамыздың ұлағатты сөзін назарда ұстаған аяулы ұстаздар алған білімдерін орнымен қолданып, орнымен жұмсауда. Соның нәтижесінде біршама шәкірттерінің жетістіктеріне куә болып жүр.

Білім кеңістігінде мұғалім көп болғанымен, нағыз маман аз. №200 мектеп-гимназиясының білікті ұстаздары жыл сайын аудандық, қалалық, республикалық көлемдегі байқауларға қатысып, атаулы марапаттармен қанжығаларын майлап жүр. Оның ішінде түрлі педагогикалық байқаулар, пәндік олимпиадалар, ғылыми конференциялар да бар. Ізденімпаз, жасампаз мамандардың білімі мен білігі арқасында мектеп қазынасы бас жүлделерге толықты. Мектебімізде ағылшын тілі пәні мұғалімі болып қызмет ете жүріп, өзін кәсіби шындаған Ишанғалиева Айгул Максотовна «Әлемнің үздік ұстазы» атанып, бұл атағын да өзі үшін емес, мектептің игі-

лігі үшін жұмсап, бүгінгі таңда оқушыларымызды шет елдің үздік университеттерімен байланыстырып, үлкен тәжірибе алмастыру жолында жүр. Бұл менің мектебімде жүрген бір ғана мұғалімнің ауыз толтырып айтарлықтай үлкен жетістігі болса, мектеп ашылған жылдан бастап, қазіргі оқу жылына дейін де өздерінің озық білімі мен шығармашылығын көрсетіп жүрген 200 мұғалімнен құралған алып кемер де бар деп мақтана айтқым келеді. 2018 оқу жылы мен 2024 оқу жылдарында республикалық пәндік жобалар мен ғылыми жобалардан, М. Мақатаев, М. Жұмабаев, А. Құнанбайұлы мен Мәшһүр Жүсіп Көпеевке арналған оқулардан биік белестерге шығып, жүлделі орындарға ие болдық.

Мектебіміздегі бәсекеге қабілетті, жеңіске ұмтылушы оқушылардың дені көбейіп жатқаны қуантады. Барлық жағынан озат оқушылар мектептің беделін де, ұстаздарының абыройын да асқақтатуда. Бәлкім, ұстаздың ерен еңбегінің жемісі де осы болар. Білім айдынында талмай еңбек етіп жүрген №200 мектеп-гимназиясының білікті ұстаздарыма және білімді де тәрбиелі оқушыларымызға алғысымды білдіре отырып, алдағы уақыттарда да тек сәттілік тілеймін! Ұстаздан – шәкірт озып, сапалы білімді санасына құяр оқушыларымыздың қатары көбейе берсін!



Қазақстандағы орта білім беруді жетілдірудің тұжырымдамалық тәсілдері: заманауи трендтер мен іске асыру жолдары



Пернегүл
МУХАМЕТ,
Қ.А. Яссауи
атындағы №123
мектеп-
гимназиясының
ағылшын тілі пәні
мұғалімі.
Әуезов ауданы,
Алматы қаласы.

Андатпа. Қазіргі қоғам Қазақстанның білім беру жүйесіне бірқатар маңызды міндеттер қояды. Жастарды кәсіби және әлеуметтік өмірге дайындаудың негізгі кезеңі болып табылатын орта білім беруді жетілдіру қажеттілігі негізгі болып табылады. Бұл мақалада осы мәселені шешудің тұжырымдамалық тәсілдері қарастырылады.

Кілт сөздер: білім беру, жаһандану, тұжырымдама, заманауи тренд, жаңа бағдарлама.

Аннотация. Современное общество ставит перед системой образования Казахстана ряд серьезных задач. Одной из ключевых является необходимость совершенствования среднего образования, которое является основополагающим этапом подготовки молодежи к профес-

сиональной и социальной жизни. В данной статье будут рассмотрены концептуальные подходы к решению данной проблемы.

Ключевые слова: образование, глобализация, концепция, современный тренд, новая программа.

Abstract. Modern society poses a number of serious tasks to the education system of Kazakhstan. One of the key issues is the need to improve secondary education, which is a fundamental stage in preparing young people for professional and social life. This article will consider conceptual approaches to solving this problem.

Keywords: education, globalization, concept, modern trend, new program.

Қазіргі білім беру әлемі қоғам мен технологиядағы өзгерістерді көрсете отырып, үнемі дамып, өзгеріп отырады. Бүгін біз бейімделуді және оқу процесіне жаңа көзқарастарды талап ететін жаңа қиындықтар мен мүмкіндіктерге тап болудамыз. Бұл мәтінде білім берудегі заманауи трендтерді және оларды жүзеге асыру жолдарын қарастырамыз.

Қазіргі білім берудің негізгі трендтерінің бірі дәстүрлі оқытудан оқытудың белсенді және интерактивті



әдістеріне көшу болып табылады. Оқушылар пассивті тындаушыларға емес, белсенді қатысушыларға айнала отырып, білім беру процесіне көбірек қатысады. Бұған интерактивті тақталар, онлайн платформалар және білім беру қосымшалары сияқты жаңа технологияларды қолдану арқылы қол жеткізіледі, бұл оқушыларға қызықты және практикалық түрде оқуға мүмкіндік береді.

Тағы бір маңызды тренд — білім беруді жекелендіру. Әр оқушы ерекше және өзіндік ерекшеліктері мен қабілеттеріне ие. «Бір өлшем барлығына сәйкес келеді» тәсілі тиімсіз болып келеді. Оқытудың заманауи әдістері икемді және жеке білім беру кеңістігін құра отырып, әр оқушының жеке қажеттіліктерін ескеруге тырысады. Бұған дифференциалды тапсырмалар, жеке оқу жоспарлары және нақты уақыттағы оқу процесін бақылауға және бейімдеуге мүмкіндік беретін технологияларды қолдану арқылы қол жеткізіледі.

Бұл трендтерді қалай жүзеге асыруға болады? Мұнда оқу орындары, мұғалімдер, ата-аналар және жалпы қоғам арасындағы ынтымақтастық маңызды рөл атқарады. Тәжірибе алмасу және үздік тәжірибелерді беру үшін жағдай жасау қажет. Сондай-ақ, барлық білім алушылар үшін оқытудың жаңа технологиялары мен әдістемелерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету, цифрлық теңсіздік алшақтығын азайту қажет. Білім беру мемлекеттік саясаттың басымдығы болып қалуға және қажетті қаржыландыруды алуға тиіс.

Тәрбие жалпы білім беру мекеме-

сінің қабырғаларында тек тұжырымдамалық нормативтік құжаттарда көрсетілген, ал тәрбиені іс жүзінде жүзеге асыру қолданылмайды.

Бұл мәселелерді шешу үшін мен бірнеше тұжырымдамаларды ұсынамын:

Бірінші тұжырымдамалық тәсіл білім беру мазмұнын жаңғырту болып табылады. Ғылым мен технологияның қарқынды дамуы жүріп жатқан қазіргі ақпараттық қоғамда оқу процесіне жаңа білім мен технологияларды белсенді енгізу қажет. Бұл оқушыға негізгі білімді игеріп қана қоймай, еңбек нарығында сұранысқа ие дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Қазіргі қоғамның қажеттіліктерін ескеру және білім беру бағдарламаларының икемді және бейімделгіш мазмұнын қалыптастыру маңызды.

Инклюзивті білім беру жағдайларын жақсартудың алғашқы қадамы қолжетімді инфрақұрылымды құру болуы тиіс. Бұған мектеп және оқытушылық үй-жайларды қайта құру және жаңғырту, оларды барлық балалар үшін жайлы оқу жағдайларын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін мамандандырылған жабдықтармен және технологиялық құралдармен жарақтандыру кіреді. Сондай-ақ, ерекше қажеттіліктері бар балалар білікті білім мен мамандандырылған көмек ала алатын мамандандырылған орталықтар желісін құру маңызды.

Инклюзивті білім беру жағдайларын жақсартудың екінші маңызды аспектісі білікті мамандарды даярлау және қолдау болып табылады. Ерек-



ше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін оқытушыларды қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды қоса алғанда, педагог кадрларды жүйелі даярлауды жүргізу қажет. Сондай-ақ, инклюзивті білім беру саласына ең талантты және адал мамандарды тарту үшін мұғалімдерді ынталандыру және қолдау тетіктерін қарастыру қажет.

Инклюзивті білім беру жағдайларын жақсартудың маңызды аспектісі қоғам тарапынан қолдау және хабардар болу болып табылады. Инклюзивті білім берудің принциптері мен құндылықтары туралы жалпы жұртшылықтың хабардарлығы мен түсінігін арттыруға бағытталған ақпараттық науқандарды жүргізу қажет. Сондай-ақ проблемаларды шешу жолдарын бірлесіп іздеу және инклюзивті білім беруді тиімді енгізуге жәрдемдесу үшін ерекше қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарының өзара әрекеттесуі үшін платформа құру маңызды.

Біздің еліміздегі инклюзивті білім беру жағдайларын жақсарту әлеуметтік әділеттілікке және қоғамның үйлесімді дамуына ұмтылыстың ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл міндетті іске асыру мемлекеттің, жұртшылық пен педагогикалық қоғамдастықтың бірлескен күш-жігерін талап етеді. Тек өз күшімізді біріктіре отырып, біз барлық балаларды сапалы білім алуға және толыққанды дамуға тең мүмкіндіктермен қамтамасыз ететін инклюзивті орта құра аламыз.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға педагогтердің мектептің жұмыс практи-

касына педагог кадрларды даярлау және қайта даярлау арқылы белсенді қатысуын мынадай бағыттар бойынша жүзеге асыру қажет:

- Білім беру мазмұнын құрудың тұжырымдамалық негіздері мен принциптері;

- Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының қазіргі сұраныстарына сәйкес білім беру мазмұнын жаңарту;

- Білім берудің денсаулық сақтау функциясы;

- Білім берудің вариативтілігін және жеке бағдарлануын қамтамасыз ету;

- Құзыреттілік тәсілді іске асыруға бағдарлану;

- Білім беру мазмұнының тұтастығы мен сабақтастығы, пәнаралық және ішкі байланыстарды қамтамасыз ету;

- Оқушылардың оқу жетістіктері жүйесін құру арқылы түпкілікті нәтижеге бағытталу;

- Білім беру процесін ұйымдастыру және іске асыру шарттарына қойылатын талаптар.

Жаңартылған білім беруге көшу кадрлық ресурсқа жаңа талаптар қояды:

- Педагогтарды білімге деген құзыреттілік тәсіл шеңберінде жұмысқа даярлау;

- Педагогтарды денсаулық сақтау технологияларымен қамтамасыз ету;

- Білім беру процесін айтарлықтай дараландыру жағдайында жұмыс істеуге дайындығын қалыптастыру.

Сондықтан педагог:

- Жалпы орта білім берудің жаңа МЖМБС әдіснамасы мен мазмұнын қабылдауға;



- Білім беру процесін бағдарламалық және әдістемелік қамтамасыз етуді өзгертуге;

- Педагогикалық қызметтің мақсаттары мен тәсілдерін өзгертуге дайын болуы қажет.

Педагог мамандықтарына қойылатын талаптардың мазмұны төмендегідей:

1. Табиғат қоғам және сананың басым заңдылықтарын білу;

2. Адам жайында оның жетік тұлғаретінде тани білуі;

3. Тарихи және қазіргі болмысын меңгеру тәсілдерін білуі;

4. Ақпарат жинақтарын өңдеу, қолданудың соңғы техникасын меңгеру;

5. Педагогикалық қызметті басқару мәселесін шешуі. Ең алдымен қазіргі мұғалімнің бойында гуманистік бағыттағы жалпы құндылықтарға сүйену, кәсіби қабілеттік шығармашылық қабілеттерді, психикалық дайындығы және әдістемені меңгеру қасиеттерімен белгіленеді. Мұғалімнің дайындығына жалпы педагогикалық дайындау ерекше орындалады. Кәсіби дайындыққа мынадай талаптар қойылады:

- өз мамандығының тұлғалық және әлеуметтік мәнділігін сезіну;

- мәдениетінің берілуін қамтамасыз ететін білім беру жайында тұтас түсінікті меңгеру;

- ғылыми гуманистік көзқарасты меңгеру;

- табиғат пен қоғам дамуының негізгі заңдылықтарын білу;

- Қазақстан Республикасы Конституциясының этикалық және құқықтық нормаларын білуі;

- білім беру процесінің заңдылықтары жайындағы біліммен түсінік-

тер жүйесін меңгеруі ғылымтану мен әдістерін білуі;

- таным тәсілдерін меңгеруі;

- пәндік білімін кәсіби тілмен жеткізе білу;

- қарым-қатынас орнату іскерлігін ойлау мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, қарым-қатынас мәдениетін меңгеруі жұмысқа психикалық әдістемелік дайындау. Қорытындылай келе, Қазақстанда орта білім беруді жетілдіру қазіргі заманғы трендтерді ескеруді және оларды практикаға енгізуді талап етеді. Инновацияларға және еңбек нарығының өзгермелі талаптарына бейімделуге негізделген тұжырымдамалық тәсілдер оқушыларды заманауи шындыққа дайындауға және оларға табысты мансап пен жеке даму үшін лайықты мүмкіндіктер беруге қабілетті тиімді білім беру жүйесін құруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. 2017-2018 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. — Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. — 340 б.

2. Оразбаева Ф. Тіл әлемі. Мақалалар, зерттеулер. — Алматы, «Ан Арыс», 2009. — 368 б.,

3. 2011-2020 жылға арналған Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан. 2010, 18 маусым;

4. Инклюзивті білім беру негіздері. — Алматы, 2019.



Математиканы оқытуда интерактивті әдістерді қолдану

Елімізде болып жатқан саяси, әлеуметтік, экономикалық және т.б. өзгерістер білім жүйесіне әсерін тигізбей қоймайды. Демек, әлемдік деңгейдегі білім берудің парадигмасы өзгерсе, бізде де ықпалы тиеді.

Қазіргі таңда білім беруде ең бастанғы нәтижеге ие болу, оқытуды оқушының жеке тұлғасына бағыттау, ал оқыту әдістерін тұлғааралық қарым-қатынастарға бейімдеу болып табылады. Яғни, бір сөзбен айтқанда жеке тұлғаны дамытуға бағытталған.

Мұндағы менің мақсатым интерактивті оқыту арқылы оқушыларға тек ақпаратты беру ғана емес, оларға жауаптарды өз бетінше табу, іздену дағдысын үйрету.

Интерактивті оқыту дегеніміз — оқушылар мен мұғалім түсіністік қарым-қатынаста өзара білімдерімен, тәжірибелерімен алмасу және талдау жұмысы.

Интерактивті оқытудың негізгі әдістері: кейс-стади; іскерлік, рөлдік ойындар; тестілеу; топтық дискуссия әдісі; миға шабуыл әдісі; тренинг, презентациялар, пікірталастар, топпен жұмыс, сын тұрғысынан ойлау әдісі, зерттеулер, «инсерт» әдісі, сахналау, дебат және т.б.

Интерактивті әдіске сондай-ақ әр түрлі көмекші құралдар: тақта, кітаптар, бейне материалдар, слайдтар, флипчарттар, постерлер, компьютерлер және т.б. құралдар жатады.

Тәжірибиемде интерактивті әдістерді қолдануда: математика сабағында мен сөйлете алмаған белсенділігі төмен «үнсіз оқушының» өзі басқа балалардың ықпалымен жұрт алдына шығып, өз ойын айта білуге үйренді. Оқушылар сабақта «қалай оқу керектігін үйренуді» меңгерді және дағдыланды. Яғни метатаным пайда болады. Топтық жұмыс және жұптық жұмыс арқылы оқушылар өздері өз ойларын қорытты, нәтижеге жетуге ұмтылды. Өз ойларын Блум таксономиясы негізінде құрылған сұрақтарға толық жауап беретін деңгейге жетті. Жаңа сабақты өз беттерімен тез меңгере алды. Осыдан байқағаным топ оқушылары сәтті де, табысты орындалған жұмыстың «өзіндік тиімділігін» арттырып, бірлескен оқу өзіндік орнын қалыптастырды. Топта бірлесе жұмыс жасау мен топтық таныстырылым ұсынған кезде өткізілген сабақтарым оқушыларымның білімге деген қызығушылық қабілеттерін арттырып, шығармашыл, ізденгіш, біреудің пікірін сыйлай білетін, құнды пікір айта алатын, көпшіл тұлға тәрбиелеуге мүмкіндік берді. Бұрын сабақты өте жақсы оқитын бала ғана дарынды болып есептел-



се, енді кез келген баланың бойынан ерекше қабілетті көре білуге, соны әрі қарай дамытуды үйрендім. Тіпті оқушыларымның ішінен әр түрлі мамандық иесін анықтап, ол оқушыларға дарындылық қабілетін әрі қарай шыңдайтындай тапсырмалар беріп, әр сабақ сайын балалардың ерекшеліктерін ескере отыруға мүмкіндік берді.

Оқушылармен талқылау кезінде олардың мен, яғни, мұғалім тапсырған жұмыс туралы пікірін жиі талқылауға тырысатынын байқадым. Олар жалпы «Бұндай бағалаумен келіспеймін» дейді, себебі өзінің сабақта қандай жұмыс істегенін біледі. Олар теріс пікірге қарсы шыға алады және меніңше олар өздері істеген жұмыстың құндылығы туралы ашық диалог жүргізу қабілетіне ие болды.

Интерактивті негізде оқытуда маңыздысы білу емес, үйрене білу.

Көбінесе «біз қолымызбен істегеннің 80 пайызын, оқығанымыздың 20 пайызын, естігеніміздің 10 пайызын ғана есте сақтаймыз» деген қорытындыларды жиі естиміз. Немесе мына мысал: атқа шабу дағдысын меңгеру үшін, оны қалай жасау керектігін біреудің түсіндіргені немесе оны кітаптан оқып алу жеткіліксіз. Ол үшін шындығында атқа мініп барып, дағдыларды меңгерген абзал. Бұлай болатын себебі, біз білгенімізді қайта өңдеп, білім-білік дағдыларын қалыптастырып, оны әрекетке айналдырамыз.

Интерактивті оқытуды ұйымдас-

тырудың төрт түрлі бағыты бар екенін бәріміз білеміз:

— Оқушыға жеке өздігінен ізденуге мүмкіндік беру;

— Оқушыларға топтасып оқып-үйренуге жағдай жасау;

— Ізденушінің өздерін-өздеріне немесе өзара бағалату;

— Іс-әрекет барысында білім игеруге жол ашу.

«Жағада тұрып жүзуді үйренуге болмайтын сияқты» дайын білімді қабылдап алу арқылы қажетті икем-дағдыларды дамыту мүмкін емес. Сондықтан оқушылардың арнайы іс-әрекет барысында икем-дағдыларды меңгеруі маңызды рөл атқарады. Ол үшін оқыту білімді оқушылардың өздігінен оқып-үйренуге бағытталуы керек.

Математика сабағында интерактивті оқыту әдістерінің барлық түрін бірден қолдану, әрине мүмкін емес. Математика сабағында көбінесе келесі түрлері: миға шабуыл, тестілеу, топтық және жұптық жұмыстар, инсерт әдістері қолданылады. Мысалы: математика сабағында 9-сынып оқушыларымен «биквадрат тендеулерді шешу» тақырыбын өткен кезде зерттеушілік ұжымдық жұмыс түріне жататын «фишбоун» әдісін қолдандым. Бұл әдісте балық склетінің бас сүйегі зерттелетін тақырып жазылады. Тақырыпты зерттеу тұтас ұжымға тапсырылады. Тақырыпты оқып, оны түсіну үшін, алдымен жасайтын әр бір қадамдарын анықтап шығады. Жасалған қадамдар нақты, себептер мен ше-



шілмей жатқан салдарды анықтауға бағытталуы керектігі ескертіледі. Себептер мен салдар балықтың сүйектеріне қарама-қарсы орналас-тырылады. Ең соңында зерттеудің дұрыс шешімі балықтың құйрығына жазылады.

Әр ұстаз өз бетінше оқушылармен жұмыстың жаңа тәсілдерін ойлап таба алады. Оқушылар бір-біріне сұрақ қойып және оған жауап беру-ді үйрететін, жұптасып жұмыс істеу әдісін сабақтарда жиі қолданамын. Сонымен бірге, өз тәжірибемде үй тапсырмасы ретінде оқушыларға жаңа тақырып бойынша тест сұрақ-тарын құрастыруды тапсырамын.

Біз, әрине, оқушылардың қалай оқу керектігін үйретіп, соның нәти-жесінде еркін сөйлей алатын, ынта-лы, сенімді, сыни пікір-көзқараста-ры жүйелі дамыған, сандық техно-логияларда құзырлық танытатын, ойлау деңгейі дамыған, механика-лық есте сақтаумен шектеліп қал-маған, алған білімдерін өмірде кез келген жағдайда пайдалана алатын оқушы ретінде қалыптасуына жол көрсетуіміз қажет.

Осы күнге дейін, әрине, тәжіри-бем аз болса да, өзімнің және оқу-шылардың бойында интерактивті оқытуға көшкен кезде өзгерістер пайда болды: сабақты жаңашыл түр-де жоспарлау; оқушылардың жаңа-шыл болуы; оқушылар ретімен ке-зектесіп сөйлесуі, бірін-бірі сыйлай және тындай білуі; баға үшін емес, ой даму үшін оқи бастауы, бірақ әлі толық өзгеріске енген жоқпыз,

себебі жаңашыл бағалауды да енді үйреніп келеміз; сабақ барысында жаңа әдіс-тәсілдерді қосуға мүм-кіндік беруі; өз сабағыма өзім баға беруім және кемшілігімді түзеуім, жаңа жол іздеп, жаңаша талқылауға үйрену. Математика сабағында ин-терактивті оқыту әдістерін қолда-на отырып, мынандай нәтижелер-ге қол жеткізуге болатынына көзім жетті:

1. Уақыт үнемделеді;
2. Сабақтың сапасы артады;
3. Оқу әдісі мен құралдарын таң-дауға мүмкіндік жасалады;
4. Оқушылардың белсенділігі мен қызығуларын арттырады, осы-дан оқу үлгерімі көтеріледі.

Ұстаз үшін нәтижеге жету шә-кіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Жас ұрпақ — біздің ер-теңгі болашағымыз. Кез келген пе-дагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, ин-терактивтік тақтаны пайдалана ала-тын, онлайн режимінде жұмыс жа-сау әдістерін меңгерген, заман тала-бына сай жаңа технология әдістерін үйретуші, бағыт-бағдар беруші адам болуы шарт.

**Марияш Тлеубердиновна
САДВАКАСОВА,
Сүйінбай атындағы №143
мектеп-лицейінің математика пәні
мұғалімі.
Алматы қаласы.**



Математика пәнін оқытуда аналогия әдісі

Оқыту әдістері мұғалім мен оқушылардың оқу-тәрбие жұмысының міндеттерін ойдағыдай шешуге бағытталған өзара байланысты іс-әрекетінің тәсілдері. Әдіс жалпы мағынасында мақсатқа жету іс-әрекетін нақты ретке келтіру тәсілдері. Оқыту әдістері оқушылардың танымдық қабілеттерінің дамуына мүмкіндік туғызуы тиіс, яғни, оқушылардың ойын дамытады, өз бетінше ізденіп жаңа білімді игеруге ықпал жасайды.

Оқыту әдісі мақсатқа жетудің сәналы түрде қолданылатын тәсілі, ал мақсатқа жету мұғалімнің шеберлігіне, оның оқыту процесін тиімді ұйымдастыра білуіне, оқушылардың даярлық дәрежесіне, мұғалім мен оқушылардың белсенділік педагогикалық ынтымақтастығына байланысты.

Математиканы оқыту теориясы мен оқыту методикасында оқытудың ғылыми әдістері айрықша орын алады. Математиканы оқытудың ғылыми әдістерін игеру, оқыту процесінің тиімділігін арттыруға көмектеседі.

Пән ретінде математика тек өзіне тән белгілермен ерекшеленеді. Ол белгілердің ең бастысы — оқып үйренетін ұғымдардың неғұрлым жалпылығы, мұның өзі алғашқы математика сабақтарында-ақ бой көрсетеді. Сондықтан оқу процесінде математикалық ұғымдарды қалыптастырғанда да, сол ұғымдарды іс жүзінде қолдануда да осы ерекшеліктерді бейне-

лейтін әр алуан әдістерді пайдалану қажет. Сонымен бірге, оқытудың ғылыми әдістерін қолдану шәкірттердің ойлауын дамытатынын, олардың жалпы мәдениетін көтеретінін, математика сабақтарында қалыптасқан тәсілдер мен ұғымдарды кәдеге жарату қабілетін шындайтынын айрықша атап өткен жөн. Математиканы оқытудың ғылыми әдістері: 1) бақылау мен тәжірибе 2) салыстыру және аналогия 3) анализ бен синтез 4) индукция мен дедукция 5) жалпылау мен тарату 6) абстракциялау мен нақтылау жатады.

Математиканы оқытудағы кеңінен қолданылатын ең тиімді әдістердің бірі — аналогия әдісі болып табылады. Бұл әдіс оқушыларды ізденуге ұмтылдырады және математикаға қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар аналогия әдісінің кеңінен қолданылуы оқушыларға оқу материалын жеңіл және тиімді ұғынуға мүмкіндік береді (сонымен қатар білімнің өзекті болуына себеп болады).

Аналогия (грекше *analogia* — сәйкестік, ұқсастық) — объектілердің кейбір белгілерінің ұқсастығына сүйеніп, олардың басқа белгілерінің де ұқсас болатындығы туралы қорытынды шығаратын таным әдісі. Аналогия бойынша қорытынды жасауды сұлбелік түрде былай көрсетуге болады. Егер қарастырып отырған A және B объектілерінің ортақ қасиеттері $c_1, c_2, \dots, c_n$, болып және A объек-



ті тағы да d деген қасиетке ие болса, онда B -да d қасиетке ие болады деген қорытынды жасалады.

Аналогияның айрықша сипаты — бір жүйедегі қатыстар мен қасиеттерді екінші жүйеге көшіру болып табылады. Оқушылардың бір объектіні оқып үйренудегі білімдерді екінші объектіге көшіру қабілетін қалыптастыру оқытудағы ең маңызды мәселе.

Сондықтан математика мұғалімі аналогия әдісін меңгеріп, оның әрбір түрін сабақ беру үрдісінде еркін қолдана білуі және аналогия бойынша жасалынып жатқан қортындыны шындыққа жақындататын факторларды білуі тиіс.

Оқыту үрдісінде аналогия жаңа білімдерді қалыптастыру, бұрын оқылған материал мен жаңа материал арасындағы байланысты тағайындау, математикалық ұғымдардың қасиеттерін дәлелдеу, алынған білімдерді қолдану және практикалық тексеруде, т.б. түрде қолданыс табады.

Математика тарихында теорияның дамуында аналогияның үлкен рөл атқарғаны туралы мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Мысалы, көпөлшемді геометрияның негізгі ұғымдарын енгізу жазықтықтағы және үшөлшемді кеңістіктегі негізгі ұғымдардан аналогияны пайдалану нәтижесінде келіп шықты. Комплекс айнымалысы бар функция нақты айнымалысы бар функцияға аналогия негізінде пайда болған. Комплекс айнымалылар функцияның теориясын құруға нақты айнымалы функцияларды зерттеу әдістерімен аналогияны пайдаланған.

Бұрын оқытылған материал мен

жаңа материалды оқыту арасындағы байланысты тағайындауда аналогияны пайдалануға мысалдар қарастырайық. Мысалы, шардың (сфераның) диаметрі ұғымын енгізуді былайша жүргізуге болады: мектептің планиметрия курсына дөңгелектің (шеңбердің) диаметрі, дөңгелек шеңберінің (шеңбердің) кез келген екі нүктесін қосатын хордалардың (кесінділердің) ең үлкені ретінде анықталады, стереометрияда да шардың (сфераның) диаметрі дәл сол сияқты анықталады.

Мектеп математика курсына екі түзудің параллельдігінің анықтама-сынан аналогияны пайдаланып, жазықтықтардың параллельдігі немесе түзу мен жазықтықтың параллельдігінің анықтамалары тұжырымдалады.

Мектеп курсынағы геометрияда көптеген стереометриялық деректер аналогиялық планиметриялық деректермен пәнішілік байланыс орнатпай—ақ мазмұндалады. Оған мысал ретінде «Үшбұрыш және оның қасиеті» және «Тетраэдр және оның қасиеті», «Шеңбер, дөңгелек және оның қасиеті» және «Сфера, шар және оның қасиеті» және т.б. тақырыптарды ала аламыз. Осының бәрі геометрия курсынағы сызықтық салулардың салдарлары. Жазықтық және кеңістіктік тақырыптарды байланыстыру — курстың сызықтық — концентрациялық ұйымдастыруы негізінде мақсатты түрде жүзеге асырылады. Алдымен осы жағдайды теориялық жағынан ашамыз, содан кейін практикалық аспектісін қарастырамыз.



Есеп 1.

«Егер үшбұрыштың биіктігін m бірлікке арттырса, оның ауданы қалай өзгереді?»

Шешуі. $S = S \cdot ah$

a — үшбұрыштың табан қабырғасы, ал h — үшбұрыштың биіктігі.

$$S_1 = S \cdot a(h + m) = S \cdot ah + S \cdot am$$

$$S - S_1 = S \cdot am$$

Геометриялық көзқарас тұрғысынан берілген үшбұрыштың ауданының арттырылуы табан қабырғасы a және биіктігі t болатын үшбұрыштың ауданына тең.

Есептің аналогиясы стереометрияда: «пирамида берілген. Егер оның биіктігін m бірлікке арттырса,

көлемі қалай өзгереді?»

Шешуі:

$$V = \frac{1}{3} S_{\text{таб}} \cdot H$$

$$V_1 = \frac{1}{3} S_{\text{таб}} \cdot (H + m) = \frac{1}{3} S_{\text{таб}} \cdot H + \frac{1}{3} S_{\text{таб}} \cdot m$$

$$\text{Осыдан } V_1 - V = \frac{1}{3} S_{\text{таб}} \cdot m$$

Яғни, көлемнің арттырылуы табан ауданы мен биіктігі m бірлік болатын пирамида көлеміне тең.

Айгуль Нурганатовна

САГЫНДЫКОВА,

Сүйінбай атындағы №143

мектеп-лицейінің математика пәні

мұғалімі.

Алматы қаласы.



Математика пәнін оқыту үрдісінде тәрбиелеу әдістері

Кейінгі жылдары оқыту үрдісінде ғылыми негізде білім беру үшін жаңа педагогикалық технологияларды сабақтарға енгізу — әр мұғалімнің өзекті мәселесіне айналды.

Өзге пәндер сияқты математиканы оқыту барысында оқушыларды жан-жақты тәрбиелеуге болатыны мәлім. Математика өзінің даму табиғаты тұрғысынан интернационалды ғылым. Оның дамып өркендеуіне барлық ұлттар мен халықтардың ұлдары мен қыздары ат салысқан.

Математиканы оқыту үрдісінде тәрбиелеу жұмысының бір түрі — дидактикалық материалистік көзқарасты қалыптастыру. Дидактика талабы бойынша математиканы оқыту бары-

сында тек білім жүйесін ғана қабылдап қоймай, онымен қатар жалпы мәдениетке тәрбиелеп отыру керек.

Оқушылардың эстетикалық талғамы мен түсінігін қалыптастыруға әр пән өз мүмкіндігінше үлес қосады. Математикалық объектілердің симметриясы, дұрыс көпбұрыштардың қасиеттері, фигуралардың теңдігі оқушылардың эстетикалық талғамдарын қалыптастыруға көмектеседі. Мұғалімнің міндеті пәннің көркемдігін айқындап, сол арқылы оқушылардың математикаға ынтасын арттыру. Теоремаларды дәлелдеудің көркемдігі мен есепті шығару жолының әдемілігін қабылдауға оқушыларды тәрбиелеу қажет. Оқушыларға эстетикалық





тәрбие беру мұғалімнің педагогикалық, ұйымдастырушылық шеберлігіне, сөйлеу мәнерімен тығыз байланысты. «Математиканың әдемілігі», «Симметрия және эстетика» тақырыптарына шығармалар жаздыру — эстетикалық тәрбие берудің бір жолы.

Оқушылардың есептеу мәдениетін дамыту олардың экономикалық сауаттылығының маңызды элементтерінің бірі. Экономикалық мазмұндағы математикалық есептерді шығарғанда уақыт нормасын, еңбек өнімділігі, экономикалық тиімділік, өнім сапасы, т.б. сияқты экономикалық категорияларды пайдаланып отырудың маңызы ерекше. Жергілікті статистикалық материалдарды пайдаланып оқушылардың ата-аналарының қызметтерін сипаттау мұғалім, оқушы, ата-ана және кәсіпорынның арасындағы байланысты күшейтуге мүмкіндік береді. Математика сабағында оқушыларға экономикалық тәрбие беруде пәнаралық байланыстың маңызы зор. Мысалы: натурал сандарды оқып үйрену барысында оларды есте сақтау үшін арасында сандар қолданыс тапқан мақал-мәтелдерді пайдалануға болады. «Бір жылы сөз — бір күнге азық», «Екі жақсы қас болмас, екі жаман дос болмас», т.с.с. мақал-мәтелдерді келтіруге болады. Математика курсына әр түрлі шама өлшеуіштері өтіліп, оларға арналған көптеген есептер шығарылды. Мұндай шамалар, ұзындық, аудан, көлем, уақыт, жылдамдық. Міне осы шамалар, олардың өлшеуіштері туралы мәліметтер беру кезінде бұл шамаларды өлшеудің байырғыдан қазақтар арасында қолданыс тапқан

түрлері туралы айтуға болдаы. Мысалы: ұзындық өлшеуіштерін өткенде шақырым — 850 м., 1 қарыс — 20 см., 1 құлаш — 142 см., 1 елі — 2 см. екендігін, масса өлшеуіштерін өткенде: 1 қап, 1 пұт, 1 мысқал, 1 шөкім, уақыт өлшеуіштерінің өткенде: бие сауым, сүт пісірім, қас қағым, т.с.с, туралы түсінік беруге болады.

Осындай көптеген ұлтымыздың ұлағатты ұғымдарын есептің мазмұнына енгізіп, не санға байланысты келтіріп отырса оқушы әр сөздің мағынасын ұғымын, келешекте үлгі тұтады. Ата-бабамыздың қазақ халқына қалдырған мұрасының бірі киіз үйді көрнекі құрал ретінде «Бұрыштар» тақырыбын өткенде керегеде, шаңырақта қандай бұрыштар бар екендігін, «Параллель түзулер», «Перпендикуляр түзулер» тақырыптарында параллель, перпендикуляр орналасқан түзулерді табу туралы тапсырма беру керек. «Симметрия», «Геометриялық фигураларды» өткенде қолдануға болады.

Міне осылайша оқушылар қазақ халқының даналығының, ғасырлар бойғы тәжірибесінің жиынтығы киіз үймен танысып, сол даналықтың қыр-сырына үңіледі.

Сонымен математика үрдісінде мақсат қойып, үздіксіз жоспармен жүргізілген жұмыс нәтижелі болады.

Халықтық педагогиканың бір саласы — ұлттық ойындар. Қазақ халқының ұлттық ойын түрлерін өтетін тақырыпқа лайықтап пайдалану — тасада қалып келген дәстүрлерімізді қайта жандандырып, ұрпақтар бойына сіңіруге үлкен көмегін тигізеді. Сонымен бірге оқушылар халқымыздың өткен



тарихына ойлы көз тастап, қарым-қатынасты, салт-дәстүрлерді саналы түрде сезінеді.

Сандарға қатысты жұмбақтар:

Бес, он, жиырма, елу,

Жүз, екі жүз, бес жүз, мың бар.

Әрқайсысының құны бар. (Теңгерлер)

2. 100 мүйізі бар

Үстінде киізі бар. (Киіз үй)

3. Бұлбұлдың 2 құлақ, 1 басы бар

Салдыраған 8 жерден таңбасы бар.

Бұлбұлды жолға салып айдағанда,

Салатын неше түрлі жорғасы бар. (Домбыра)

Халық педагогикасының тағылымдарын математика сабақтарында қолдану — оның білімдік және тәрбиелік мақсаттарын жүзеге асырумен қатар халқымыздың салт-дәстүрін қастерлеп, оқушыларды ұлттық мақтаныш рухында тәрбиелеуде зор мәні бар. Оқушыларға тек пәндік білім, білік дағдыларын меңгертпей ұлттық құндылықтардың тәрбиелік мақсатын түсіндіре отырып сабақтарда қолдану қажет.

Киіз үйдің биіктігі 4 м 20 см. Бұл оның керегесінің, уық бөлігінің және шаңырағының биіктіктерінің қосындысына тең. Оның керегесінің биіктігі 1 м 60 см, уық бөлігінің биіктігі 2 м. Шаңырағының биіктігі киіз үй биіктігінің қандай бөлігін құрайды.

Домбыраны координаталық сәуле бойына орналастырғанда домбыраның тиегіне (А нүктесіне), мойнына (В нүктесіне) және құлағына (С нүктесіне) қандай бөлшектер сәйкес келеді. А, В және С нүктелерін координаталарымен жазыңдар.

Домбыраның басы (құлағы) $1/10$ м,

мойны $1/2$ м, шаңағы $2/5$ м. Домбыраның ұзындығы неше метр?

Сандықтың биіктігі 50 см. Ұзындығы 1 м 50 см, ені 55 см. Сандықтың көлемін және ауданын тауып, оларды бұрыс және дұрыс бөлшек түрінде жазыңдар.

6 сыныпта өстік симметрия тақырыбын өткенде үй жиһаздарына берілеп салынатын ою өрнектер түзуге қатысты симметриялы түрде салына-тынын айтып кеткен жөн.

Конус тақырыбын түсіндіргенде қазақ қыздарының басына киетін сәукеле ер адамдардың басына киетін тақияны айтып кеткен жөн.

Халқымыздың осындай асыл тәрбиелік мұраларын күнделікті сабақ мазмұнымен байланыстыра оқушыларға жеткізіп отыру жас ұрпақтың таным дүниесін кеңейтіп, ұлттық тәлім береді. Халқымыздың мандайына біткен ұлттық құндылықтарымызды сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды дәріптеп, білімге ден қойып көп ізденіс жасамайынша оқыту мен тәрбиені бірге ұштастырып ықпалдастыру мүмкін болмайды. Еліміздің тұғырын берік ұстап тұра алатын оны одан әрі дамытып өркендететін ұрпақ даярлау — біздің басты мақсатымыз.

**Каиргуль Жаманшаловна
ЖУМАКАНОВА,**

**Сүйінбай атындағы №143
мектеп-лицейінің математика пәні
мұғалімі.**

Алматы қаласы.



Математика пәнінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту

